



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Баранов С.А. Сепаратизм в Индии. М., 2003
4. Устав ООН: принятый 26 июня 1945 г. Ст. 1, ст. 55.
5. Торкунов А., Мальгин А. Современные международные отношения. Учебное пособие. — М.: Аспект Пресс, 2012. — 688 с.
6. Мелехина Н.В. Пути и перспективы решения кашмирской проблемы // Восток (Orient). 2008. № 3.
7. РОССИЙСКАЯ АКАДЕМИЯ НАУК Институт востоковедения, Пакистан в современном мире (сборник статей) Книга сотрудников ИВ РАН. Москва научная книга 2005г.
8. Скосырев В. Пакистан и Индия балансируют на грани войны. Исламабад не выдал сообщников террористов // Независимая газета. - 2008-12-08.9. InterviewSyedAliShahGeelani // IndiaToday. 2010. 08 Nov.

УДК 341.1/8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА КІРУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Бапай Басболат Мақсатұлы

V_basbolat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің
«6М030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 2-курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші - з.ғ.д., профессор Алимкулов Р.С.

1948 жылы БҰҰ Халықаралық сауда ұйымының Жарғысын қабылдаған болатын. Жарғы жұмыспен қамту, сауда қатынастарын ырықтандыру, монополияны шектеу және ішкі нарықты қорғау бойынша шараларды қолдану мәселелерін қарастырды. Жарғы сауда қатынастары саласындағы барлық мәселелерді қарастырмағандықтан мемлекеттер тарапынан қолдау таппаған болатын, олардың ішінде ұйымның құрылуына бастамалық еткен Америка құрама штаттарының қарсылық танытуын ерекше атап өткен жөн. АҚШ Конгрессінің пікірінше, Халықаралық сауда ұйымының Жарғысы американдық банктер мен концерндердің инвестицияларын жеткілікті деңгейде қорғау алмайды. Жарғы қолдау таппағанмен, осы 1948 жылы Тарифтер мен сауда бойынша бас келісім қабылданып, Халықаралық сауда ұйымы тектес басқа ұйымды құру мәселесі көтеріледі [1]. Ұйымды құру мәселесі көзделгенмен, Тарифтер мен сауда бойынша бас келісім 1948-1995 жылдар аралығында тек құжат жүзіндегі ұйымның қызметін атқарып келді. Себебі, 1995 жылы 1-қаңтарда бастап Халықаралық сауда ұйымы деген атауды өзгертіп, Дүниежүзілік сауда ұйымы ресми түрде құрылған болатын.

Бүгінгі таңда, Дүниежүзілік сауда ұйымы халықаралық коммерция мен сауда саясатын ырықтандыруға негізделген 60-ға жуық халықаралық құқықтық келісімдерге сай қызмет атқарады. Аталған халықаралық құқықтық келісімдер келесі үш қағиданы тікелей басшылыққа алады:

- ең қолайлы жағдай принципі (ЕКП), яғни импорттық тауарлар мен қызметтердің шетелдік жабдықтаушыларына ДСҰ-ға мүше елдің ішкі нарығында ДСҰ басқа мүше-елдерді қоса кез келген басқа елден шығатын импорттық тауарлар мен қызметтермен жабдықтаушыларға ұсынылатын жағдаймен бірдей жағдай ұсыну;

- ұлттық режим принципі ДСҰ мүшелері импорттық тауарлар мен қызметтің шетелдік жабдықтаушыларына қолайлығы отандық тауарлар мен қызметтердің отандық жабдықтаушыларына ұсынылатыннан кем емес режим ұсынуды көздейді. Сонымен қатар қызметтер нарығында қызметтердің ұлттық жабдықтаушыларына қызмет етудің неғұрлым жеңіл жағдайларын ұсынатын белгілі бір ауытқушылықтарға жол береді;

- ашықтық принципі ДСҰ жүйесіндегі басты принцип болып табылады. Бұл принцип елдердің тауарлар мен қызметтер саудасына қатысты нормативтік-құқықтық актілерді жариялауға міндетті екендігін білдіреді. Сонымен қатар, ДСҰ-ның басқа мүше елдер экономиканың тиісті салаларында қолданылатын заңдар мен қаулылар туралы ақпаратты ала алатын ақпараттық орталықтар құрылу тиіс [2].

Қазақстанның ДСҰ-ға мүше болуындағы негізгі қағидалары:

- Тауарлар нарығына қолжетімділік
- Қызметтер нарығына қолжетімділік
- Жүйелі мәселелер - заңнама
- Ауыл шаруашылығын жетілдіру [3]

Жалпы, ДСҰ халықаралық сауданы жүргізудің ережелерін бекіту мен бизнес ағымдарын құруда маңызды рөл атқарады. Себебі, ДСҰ тауарлар, қызметтер, зияткерлік меншік, инвестиция және т.б. Салалардағы әлемдік сауданы реттеу мен осы салалардағы өзіне мүше мемлекеттердің сауда саясатын толық құруға ықпал етіп, олардың арасында туындаған халықаралық сауда дауларын реттейді.

Қаралып отырған мәселелер шеңберінде Қазақстан Республикасы үшін қандай қолжетімділіктер мен кері салдарын қарастырмас бұрын ДСҰ-ға мүшелікке кіру тарихына қысқаша тоқталып өткеніміз дұрыс болар. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болу ниеттілігін негізінен 1996 жылы 29 қаңтарда таңытып, ресми түрде өз өтінішін білдерген. Теориялық тұрғыдан ДСҰ-ның жабық екендігін еске алатын болсақ, онда оған кіруге ниет білдірген әрбір мемлекет үшін өз ұлттық заңнамалырын ДСҰ ережелеріне сәйкестендіру үшін 5 жылдық мерзімді белгілейтіндігін білеміз. Қазақстан Республикасы мүшеліктің жағымды және жағымсыз салдарын жан-жақты саралап, ұлттық заңнамаларын отандық экономика үшін тиімділігін арттыру мақсатында сәйкестендіру үшін үш 5 жылдық мерзімді басынан өткеріп, төрт-бес жылдықта, яғни 19 жылдан кейін ғана талаптарға сай болды. Нәтижесінде, 2015 жылы 27 шілдеде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Азеведо республиканың ДСҰ-ға мүше болуы жөніндегі хаттамаларға қол қойды [4]. Яғни, осы жылдың 30 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы заңды түрде Дүниежүзілік сауда ұйымына толыққанды мүше болды [5].

Ендігі кезекте, халықаралық сарапшылардың ДСҰ-ға мүше болудың оңтайлы нәтижелері мен тәуекелдеріне қатысты берген бағасына тоқталсақ. Мәселен, БҰҰ-ның Сауда мен даму конференциясының (ЮНКТАД) Бас хатшысы, ДСҰ Хатшылығының бұрынғы Бас директоры, доктор Супачай Панитчпаки «Осы ұйым, ең алдымен, көптаратты әлемдік сауда жүйесінің мүдделерін қорғауға бағытталған. Сондықтан біріншіден, республиканың ДСҰ-ға мүше болуы халықаралық қоғамдастық үшін Қазақстанның – халықаралық кемсітушілік жоқ сауда жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуға әзір мемлекет екендігін білдіретін болады. Тиісінше, Қазақстанның әлемдегі бизнес-серіктестері, сондай – ақ әлеуетті инвесторлар Сіздің республикаңызды жалпы ережелер бойынша ойнауға дайын, кемел экономикасы бар ел ретінде қарастыратын болады.

Екінші артықшылық - халықаралық сауда қағидаларын әзірлеуге толыққанды қатысу мүмкіндігі. Уақыт бір орында тұрмайдытындығын бәріміз білеміз және кейбір қағидалар үнемі жаңартуды талап етеді. Бұл жаңа техникалық стандарттарға, қызметтер немесе экологиялық тауарлар саудасы саласындағы талаптарға қатысы бар дерлік. Мұның өзінде ДСҰ-ға мүше барлық мемлекеттер жаңа қағидаларды әзірлеуге толыққанды қатыса алады. Ал ұйым нысанынан тыс мемлекеттер бәрібір халықаралық стандарттарға сай болуға тырысады. Тағы бір артықшылығы: Қазақстан ДСҰ-ға мүше болған кезде әлемдік экономиканы реттеуге өз үлесін қосу мүмкіндігін иеленеді.

Үшінші тиімді тұсы: Қазақстан өзінің серіктестерінің сауда саясатын шолуға қатысу, сол арқылы өз мүдделерін қорғау құқығын иеленеді. Осы шолулар ДСҰ-ға мүше мемлекеттерге қатысты тұрақты түрде жүргізіледі, оларда әр түрлі себептерге байланысты

қолайсыз болатын белгілі бір мемлекеттің сауда шаралары мен сауда саясатына қатысты түсініктемелері жазылады.

Осыдан ұйымның төртінші артықшылығы - дауларды шешу тетігі туындайды. Ол жазалау саясатын емес, сауда дауларын дипломатиялық реттеу миссиясын ұстанатын өздігінше әділ сауда соты болып табылады. Ұйымға шағын мемлекет болсын, үлкен, мықты мемлекет болсын – ДСҰ-ның кез келген мүшесі өз талап-арыздарын білдіре алады. Қазақстанның әлемнің жетекші державалары деңгейіне шығумен қоса осы құқықты иеленіп, сол арқылы өзін кез келген күтпеген оқиғалардан сақтандыра алады», - деп өз ойын тұжырымдаған [6].

ДСҰ аясындағы интеграциялық үрдістердің жағымды салдары ретінде БҰҰ ресми сайтында берілген «ДСҰ сауда жүйесінің артықшылықтарын» [7] және мемлекеттік деңгейдегі орын алған экономикалық өзгерістерді негізге ала отырып Қазақстан Республикасы үшін келесілерді белгілеуге болады деп санаймыз:

- Жүйе сауда дауларын реттеу үшін тиімді бағыт-бағдар ұсынады;
- Ережеге негізделген жүйе барлығы үшін ешбір мәжбүрлеусіз жағымды өмір салтын құруға ықпал етеді, себебі шешім консенсус негізінде қабылданады;
- Тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру, яғни сапалы тауардың сан алуан түрлерінің импортталады;

- Сауда экономикалық өсімді жетілдіреді, сәйкесінше жұмыс көзімен қамтамасыздандырады және кіріс көлемін ұлғайтады;

- Жүйе мүше-мемлекеттердің лоббилендірумен (*басқа тараптың атынан тиімді ресми шешім қабылдауға ықпал жасау ниетімен кез келген лауазымды адаммен байланыс жасау; қайсыбір мәселе бойынша ұстанымды тықпалау*) күресуіне көмектеседі және сыртқы сауда қатынастарын тиімді басқаруына ықпал етеді.

Әрине, дамушы мемлекет санатына жататын Қазақстан Республикасы үшін ДСҰ-ға кірудің жағымсыз салдарының болатындығы әуел бастан-ақ белгілі болған. Ойымызды нақтылай кететін болсақ, Ресей Федерациясының ДСҰ-ға мүше болып кіргендігіне өкінетіндігін, сол сияқты халықаралық сарапшылардың пікірінше, ДСҰ жүйесі - дамыған мемлекеттердің дамушы мемлекеттердің экономикасына қол сұғудың тиімді құралы. Енді, қазақстандық көзқарастарға тоқталатын болсақ. Қоғамдық мәселелерді сараптау орталығы директорының орынбасары Қ. Берентаев өз ойын: «Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі ерекше табыс әкелмейді. Еліміздің отандық тауар өндірушілерді құрдымға әкелетін экспорттық отарға айналуы әбден ықтимал. ДСҰ-ға мүшелік жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі шағын бизнестердің трансұлттық корпорациялармен бәсекелесуіне алып келеді. Қазірдің өзінде-ақ ешқандай бәсекелестіктің болмайтындығы мен отандық өндірушілерді жойып жіберетіндігі белгілі», - деп тұжырымдаса, ҚР инвестициясының табыстылығын зерттеу бойынша агенттіктің аға сарапшысы Г. Рахматуллина «Отандық тауар өндірушілер шетелдік компаниялардың бәсекелестігіне төзе алмайды, себебі өнімнің өз бағамына қарағанда жоғары деңгейдегі энергияның жұмсалыуымен, құрылғылардың ескіруімен түсіндірілетін шығынның көптігі», - деген пікір білдіреді [8].

Қазақстанның шикі затты толық қорытатын бәсекелестікке қабілетті өнеркәсібі тапшы мемлекет екендігін ескеретін болсақ, онда әрине отандық шикі затты қоспасы көп өндірілген тауарлармен алмастыруымызға тура келеді, сәйкесінше ұлттық нарыққа зиянды тауарлардың кіретіндігі анық. Екінші жағынан шикі зат құны төмен, өндірілген тауар құны жоғары екендігін ескерген жөн.

ДСҰ міндеттемелерін сақтаудың салдарынан мемлекеттік бюджетімен қаржыландырылатын көптеген ауылшаруашылық бағдарламалары, шағын бизнесті қолдау бағдарламалары мемлекеттік субсидиялаудан айырылады [9]. Бұл өз кезегінде отандық ауылшаруашылық салаларының дамуына нұқсан келтіреді және табиғи қордың таусылуы мен жергілікті биологиялық түрлердің шектен тыс пайдаланылуы, технологиялық ластанудың артуы және т.б. Мемлекеттік қолдауды қажет ететін салалардың шығынға

ұшырайтындығы сөзсіз. Әрине, осындай кері әсерлер экономиканың дамуына мүмкіндік бермейді деп ойлаймыз.

Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүше болып кіруі халықаралық интеграциялық үрдістен қалмауға және экономикамыздың жаһандық талаптарға сай болуына ықпал ететіндігі белгілі. Дегенмен, мемлекеттің әлі де болса мүше болуға толық дайын емес екендігіне көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан ДСҰ талаптарына сай экономикалық реформаларды қабылдау мәселесі уақыт күттірмейтін өзекті мәселе деп ойлаймыз. Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы сыртқы экономикалық қызметті жетілдіре түскеніміз ДСҰ-ға мүшелік тұрғысынан тек табыс әкеледі деп сенеміз. Қандай жағдай болмасын, географиялық орналасқан аймағы тұрғысынан бар артықшылықтарды тиімді және тиісті деңгейде пайдалана білгеніміз дұрыс. Тек жоғарыда аталып отырған сыртқы экономикалық қызметтегі мәселелердің барлығын құқықтық тұрғыдан реттеу маңызды болып табылады. Әрине, халықаралық сауда қатынастарын жетік меңгерген сарапшыларды тартуды және тиісті мамандарды даярлауды қазірден бастап қолға алғанымыз дұрыс деп санаймыз.

ДСҰ-ға мүше болуымыздың әсері әлі де болса отандық деңгейде сезілмей отыр. Осыған байланысты, мүшеліктің қаншалықты тиімді немесе тиімсіздігіне қатысты нақты пікір келтіру мүмкін емес. Мүшеліктің салдарын нақты сараптау үшін әлі де болса уақыт керек деп ойлаймыз. Кез-келген экономиканы дамытуға бағытталған жаңа жобалар мен шараларды тек отандық игілік үшін қабылданған шешімдер деп білеміз. ДСҰ-ға мүше болып кіруіміздің жемісті болатындығына сенім артамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А. Ждановская. Что такое ВТО? В чьих интересах в ВТО принимаются решения? Чем опасна ВТО?. Научно-просветительский журнал // https://scepsis.net/library/id_2546.html;
2. История создания ВТО. Комитет РСПП по интеграции, торгово-таможенной политике и ВТО // <http://www.rgwto.com/wto.asp?Id=3667>;
3. Нұсқаулық материал: «ДСҰ: Қазақстандық экспорттаушылар үшін мүмкіншіліктер». «Эридан 2007» ЖШС типографиясы: Астана қ., 2013 ж. 32 б.;
4. Қазақстан ДСҰ-ға ресми түрде мүше болды // https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-ga-resmi-turde-mushe-boldyi-263752/;
5. Қазақстан ДСҰ құрамына кірді // https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-kuramyina-krd-266652/;
6. С. Панитчпакдидің «Казахстанская правда» республикалық газетіне берген сұхбаты «Со вступлением в ВТО Казахстан станет неотъемлемой частью многосторонней мировой торговой системы», 2013 ж. 29 мамыр // <http://www.zakon.kz/4559394-so-vstupleniem-v-vto-kazakhstan-stanet.html>;
7. Всемирная торговая организация: Преимущества торговой системы ВТО // <http://www.un.org/ru/wto/about.shtml>;
8. Чем Казахстану грозит ВТО? [Http://kapital.kz](http://kapital.kz);
9. Сергеев Ф. Что произойдет после того, как Казахстан вступит в ВТО? // <http://kazakh-zerno.kz>